

## ● Тағзым

Мен абзал азамат Токмұхамед Садықов туралы осы сөздерді бұдан бұрынырақ, оның жетпістің желкеніне шыққан күндерінде, немесе осыдан екі ай бұрын — оның фәниден бақиға аттанған мезгілінде айтуға тиіс едім. Иә, тиіс едім. Өйткені, қырық жылдан аса бір салада қызмет істедік. Және де алыстан сыйласқан әріптестер емес, жиі кездесетін, бір-біріне жақын жүрген, бірін-бірі құрметтеген, осы заманға, өзіміз өмірімізді арнаған білім, ғылым саласына ортақ ой-тілегі, арманы бар замандас, достар болдық.

Тоқаң тірі болғанда бүгін жасы 71-ге толатын еді. Ол бүкіл саналы өмірін бір-ақ салаға — білім беруге, ұстаздыққа арнаған азамат. Орта мектептің мұғалімі, техникумның аға оқытушысы, институттың доценті, университеттің профессоры

емес, бұрынғы Совет Одағы көлемінде мандайалды қатарына жеткізген академик Абылқас Сағынов. Екіншісі — осы әңгімемізге өмірі арқау болып отырған академик Токмұхамед Садықов. Өзінің білім саласындағы жарты ғасыр жемісті еңбегінің 21 жылы Абай атындағы университеттің басшысы қызметінде өткен екен. Бұдан басшы қызметі неғұрлым ұзақ болса соғұрлым жемісті болады деген үзділ-кесілді пікір тумайды. Дегенмен, қазір орын алып отырған университет басшыларын жиі-жиі ауыстыру дәстүрі осы саланың дамуына онша көмектеспейтіні көрініп-ақ тұр. Университет өте күрделі білім, ғылым ордасы, оның қыры мен сырын толық игеру үшін уақыт керек. Осы жағдайды мұқият ескергеніміз жөн.

Абай университеті — қара



# БІЛІМ САРДАРЫ

— бұлар Тоқанның өмір жолдары және де осы барша халық құрметтейтін лауазым, атақтардың ортақ есімі — ұстаз, ұстаздық ету. Яғни, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу, өскелең жас буынға білім беру, заман талабына сай ой-санасын қалыптастыру. Бұл ізгілік саласы, халқынның рухани биіктігі үшін күрес майданы.

Міне, осы салада Токмұхамед Сәлменұлы өмір бойы жемісті еңбек етті. Оның дарыны мен дайындығы басқа салаларға да керек болған болар. Ал өзі қаласа басқа да жоғары лауазымды қызметтердің қарасы көрініп-ақ тұрды. Бірақ ол басқаға бұрылмайды, басқаны қаламайды, ұстаздық қалпы мен қызметін ешнәрсеге айырбастамай дүниеден өтті. Нәтижесінде жарты ғасыр еліміздегі білім жүйесімен біте қайнасты, оның қиын кездерін де басынан өткізді. Ал білімді жанарту, жақсарту сапарында қатардағы ұстаз емес, осы жүйенің көшбасшыларының бірі болды. Осы саладағы табанды еңбегі үшін ел құрметіне бөленді. Оған деген зор құрметті көзіннің тірсіңде өзі де көрді, өмірінің соңғы сапарындағы құрметті артында қалғандар көрді.

Ғылым кандидаты, ғылым докторы, бір емес, бірнеше ғылыми академияның академигі — бұлар да Токмұхамед Садықовтың ғылым жолында алған асулары, шыққан биіктері. Мен Ұлттық академияның президенті қызметінде болған кезімде Токмұхамед Сәлменұлы академиялық атақ алу сайысына түсті. Қазір кім көрінген өзін академиктің деп жариялайды, оған ұялмайды. Ал заманында мұндай құрметті атақ Ұлттық академияның, бүкіл елдегі әр саладағы деп айтсақ та болады, жетекші ғалымдардың талдауынан өтіп, оның ғылымға қосқан үлесі мұқият зерттеліп, осы атаққа үміткерлердің ең мандайалдысына берілетін еді. Президент ретінде Садықовтың ғылыми еңбектері талдауға қатысқаным, бақылағаным бар. Академиктер, тарих ғылымының жетекші мамандары Т.Садықовтың еңбегіне жоғары баға беріп, академик лауазымына лайық деп шешіп еді. Және оның ғылым саласындағы ізденістері негізінен білім жүйесін жетілдіруге, білім сапасын көтеруге арналған ізденістер еді. Аталмыш саланың дамуына осы ізденістердің қосқан үлесі болғанын әртүрлі жиындарда естіп жүрміз.

Токмұхамед Садықов аз уақыт Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім беру министрінің орынбасары, оның артынан 21 жыл үзбей Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры болды. Қазақстан білім жүйесінің тарихында жоғары оқу орнын ұзақ мерзім басқарған екі азаматты білемін. Біріншісі — Қарағанды политехникалық институтын (артынан университет болған) 30 жылдан артық үзбей басқарып, оны тек Қазақстанда ғана

шаңырақ, елімізде ең алғашқы ашылған жоғары оқу орны. Қазақстанда сауатсыздықпен күресуде, бастауыш және орта мектепке мұғалімдер дайындауда, жалпы қазақ интеллигенциясын құрастыруда атқарған міндеті, істеген еңбегі зор. Заманында халқымыздың біртұар азаматтары Мәлік Ғабдуллин, Серғали Толыбековтер басқарған Абай атындағы педагогика институтын (артынан университеті) халық жақсы біледі, білім, ғылым, рухани ошағымыз деп құрметтейді.

Дегенмен, 1987 жылы Токмұхамед Садықов басшылыққа келгенде, осы ұжымның кадр дайындаудағы іс-шаралары ойғағдай емес еді. Тек қана Абай университеті емес, еліміздегі басқа да жоғары оқу орындарының жұмысы сапалы деп айту қиын еді. Бұл тоқырау кезеңі, совет империясының ыдырау қарсаңы еді. Білім саласына бөлінген мемлекеттік қаржы жылдан-жылға азая берді, институт, университет лабораторияларының құрал-жабдығы ұзақ уақыт, кейбіреулері 30-40 жыл жаңартылмайды. Ұстаздар қауымының тұрмысын жақсарту, кәсіби білімін көтеруге де істелген шаралар аз болды. Шет елдермен қарым-қатынас жоқтың қасы, Кеңес Одағы өз білім қазанын, әлемдегі озық үлгіні еске алмай, өзі кайнатумен болды.

Көп ұзамай Одақ тарады, бұрынғы экономикалық байланыстар үзілді, ел тұрмысы күрт төмендеп кетті. Бірінің артынан бірі кәсіпорындар не құйзеліс күйін кешіп, не жабылып жатты. Қаланың жағдайы нашарласа, ауылдың жағдайы одан да нашарлай түсті. Міне, осы батпандай қиындықтар білім жүйесіне, оның ішінде жоғары оқу орындарының басына да түсті. Жоғары білім алғысы келетін жастар саны күрт азайды, “оптимизация” деген жайдақ ұранмен елді мекендерде мектептер жабылып, білім сапасы еселеп төмендеді. Тұрмыс жағдайы көтермегендіктен, көптеген жастар ауылда да, қалада да үйінде отырып қалды.

Міне, осындай қиын кезеңде көптеген сол кездегі университет басшыларының іскерлігін, олар басқарған ұстаздар ұжымының қоғам алдындағы жауапкершілігін жақсы түсінгенінің куәсі болдық. Университет басшылары, ұстаздар көшпөріндарды, мектептерді, әрбір ауылды, қала көшелерін кезіп, жастарды білім алуға шақырды. Мектепте алған білімдері төмен болғаннан кейін оқимын деген жастарды айлап өз жатақханаларына жатқызып, университет бюджетінен тамақ беріп, мұғалім жалдап, оларды жоғары мектепке түсу сынақтарына дайындады. Бір заманда Ыбырай Алтынсарин бабамыз “Кел, балалар, оқылық” деп барша халыққа ұран салса, айтып отырған қиын кезеңде университет

басшылары мен ұстаздары да осы ізгілікті істі жалғастыра білді. Нәтижесінде жан-жақтағының бәрі ыдырап, тарап, жабылып жатқанда шаңырағы онша көп шайқалмаған, оқушысын бауырына тартып, жүрісінен жанылмаған салалардың бірі осы жоғары оқу орындары болды. Университеттер тарихындағы осы күрделі кезең әлі дұрыс айтылған да, бағасын алған да жоқ.

Токмұхамед Сәлменұлы осы кезеңде өзінің іскерлігін, күш-қайратының мол екенін таныта білді. Ол өзі басқарған мыңнан артық ұстаздар, он мыңнан артық студенттері бар ұжымды тек бұрынғы дәрежесінде сақтап қалмай, егемен елдің өскелең талабына сай мамандар дайындауға жұмылдыруға ерекше күшін салды. Жаңа лабораториялар іске қосылды, жаңа оқу бағдарламалары, жаңа оқу технологиялары енгізілді, жаңа ғимараттар бой көтерді. “Менің мақсатым — жоғары сапалы әрі жаңа тұрпаттағы, яғни жаңа ойлау қабілеті бар, бастамашыл мамандарды даярлауға бағытталған жаңа технологиялар мен кешенді әдістері енгізу, жоғары білімнің инновациялық дамуын қамтамасыз ету”, — деп отыратын ректор Садықов.

Осы мақсатына сәйкес іс-қимыл да жасай білді. Бүгін ол ұзақ басшылық еткен Абай атындағы педагогика университеті еліміздегі жетекші оқу орындарының бірі емес, бірегейі. Университет ұстаздарының бай тәжірибесі мен кәсіби дайындығының жоғары екенін есептеп, осы ұжымның жаңа замандағы сапалы білім берудегі үлкен бетбұрысы мен алатын орнын ескеріп, 2003 жылы оған ұлттық университет мәртебесі берілді. “Алтын сапа”, “Еуропалық сапа” сыйлықтарын да осы университет ұжымы алып жатыр. Әлем университеттерінің Ұлы Хартиясына Қазақстаннан алғашқы қол қойғандардың бірі де осы университет ректоры болды. Шет елдердегі ең атақты 35 университеттермен де осы ұжымның байланысы өте тығыз. “Өткен бір-ақ жылдың ішінде біздің ғалымдар мен ұстаздар Америка Құрама Штаттарында, Францияда, Германияда, Чехияда, Жапонияда, Голландияда, Үндістанда болып, ондағы әріптестерімен тәжірибе алмасты”, деп жазды жақында бір университет ұстазы. Университеттің осындай жетістіктері туралы әртүрлі мінбелерден нәзік баспасөзде айтылып жүр. Дегенмен, ортамыздан мезгілсіз кеткен ректор Садықовтың жемісті еңбегін көрсету үшін оларды тағы бір қайталауды жөн көрдік.

Осы азаматтың тағы бір ізгілік ісін айта кетейік. Ол — өзі ғылыми ізденістерін арнаған тарих ғылымына ғана емес, кешеп қиын кездерде жалпы академиялық қоғамдық ғылымдарға деген қамқорлығы. Қазақстанда тіл, әдебиет, филосо-

фия, заң, экономика, шығыстану ғылыми-зерттеу институттары бар. Олардың ортақ есімі — қоғамдық ғылымдар. Бұрын олар Ұлттық академия құрамында болды, ол тарағаннан кенін Білім және ғылым министрлігінің құрамына берілді. Заманында еліміздің жақсысы мен жайсаңдары Салық Зиманов, Исмет Кенесбаев, Сақтаған Бәйшев, Ақай Нұсіпбеков, Манаш Қозыбаев, Жабайхан Әбділлин, Серік Қирабаев, Әбдуәли Қайдаров, Гожахмет Садвақасовтар, басқа да дарынды ғалымдар жетекші болған қоғамдық ғылымдардың біздің руханиятымызға қосқан үлесі ерекше. Тарих қойнауына тереңірек үңіліп, дәстүрлі ата заңдарымызды әлемге танытып, ой-санамызды зерделеп, тліді дамытып, әдебиетімізді өркендетуге үлкен еңбек сіңіріп еді. Біздің ұлттық болмысымыздың бағытын анықтап, келбетін сомдап, қазақ өркениетінің көкжиегін бұдан да биікке көтере беру үшін осы ғылыми мекемелердің бүгін де, ертен де керегі бар, олардың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауымыз керек.

Егемендік алып, реформалар басталған кезде осы институттардың жағдайы қиындап кетті. Мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы күрт азайды, ал мемлекеттен басқа осындай ғылым салаларына міндетті түрде көмекке келетін мекеме жоқ. Қай елді алсақ та ондағы қоғамдық ғылымдар тек мемлекеттік қаржымен ғылыми ізденістер жасайды. Олардың басын біріктіретін, ғылыми ізденістерін бір ұлттық мүддеге тоғыстыратын орталықтар бар. Мысалы, мына көршіміз Қытай елінде осындай рухани орталықты Қоғамдық ғылымдар академиясы деп атайды.

Жоғарыда айтқан қоғамдық ғылымдар үшін қиын кезеңде осы саладағы институттардың басын біріктіріп, оларды өз қамқорлығына алған Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеттің ұжымы болды, дәлірек айтсақ университет ректоры Токмұхамед Садықов болды. Соның басқаруымен осы ғылымдардың ортақ даму бағдарламалары жасалды, тиісті көмек көрсетілді, басшы мемлекеттік органдарда олардың мүддесі қорғала білді. Қоғамдық ғылымдардың сол кездерде ыдырамай, қатарын аман сақтап қалғандағы ректор Садықовтың еңбегін ұмытпауымыз керек.

Тоқаң 19 жыл Алматыдағы университеттердің ректорлар кеңесінің төрағасы болды. Осы бір жауапты қызметтің мәні мен қырын біреу біледі, біреу білмейді. Алматы — біздің барлық жетекші университеттер шоғырланған орталығымыз. Ол жердегі озық тәжірибе, кадр дайындаудағы жаңа технологиялар, ұтымды әдістемелер, ғылыми жанылдықтар Қазақстанның басқа өңірлеріндегі оқу орындарында кенінен пайдаланылады. Алматыда университеттердің іс-қимылын бір-біріне тығыз байланыстырып, инновациялық дәстүр мен кадр дайындаудың озық үлгілерімен танысып, оны пайдалануға жағдай жасау — ректорлар кеңесінің жұмысы. Токмұхамед Садықов осы кеңесті ұзақ жылдар шебер басқара білді. Осы кеңестің отырыстарында өрқашан білім беру саласының ұтымды теориялық-қолданбалы мәселелері, білім мен кәсіпкерліктің арасын тығыз байланыстыратын тақырыптар талданып, шешімдерін тауып отырды. Нәтижесінде Алматыдағы, жалпы Қазақстандағы деп айтсақ болады, жоғары оқу орындары ректорларының арасында белсенді тәжірибе алмасу мәселелері жүзеге асты. Осы кеңесті басқарған Тоқанның білім саласындағы үлкен дайындығын және іскерлігін жоғары мектеп ұстаздары тани білді. Жоғарыда айтқандардың бәрін қорыта келіп, Токмұхамед Сәлменұлы Садықов еліміздегі шынайы білім сардары десек, артық болмас.

Білім саласында ол салған жол, ол қалдырған іздер бар. Оларды өскелең ұрпақ жалғастырады.

Кенжеғали САҒАДИЕВ,  
академик.